

Дәріс 2. Сервистік қызмет көрсетуді жоспарлау

Мазмұны: Локомотивтерді Сервистік қызмет көрсету үшін ажыратудың жылдық, ай сайынғы кестесін «Локомотив» АҚ – мен келісе отырып, Бас сервис орталығы локомотивтерге Сервистік қызмет көрсетудің жоспарын жасайды.

Жаңартылған локомотивтерге Сервистік қызмет көрсету түрлерінде тұруға ұсынылатын нормалар

ЛТ	(локомотивті тексеру) 1,2 сағат;	
СҚ-1	(1 ай мерзімімен)	18 сағат
СҚ-2	(3-4 ай мерзімімен)	36 сағат
СҚ-2	ЖЫЛ (1 жыл)	48 сағат
СҚ-3	(жұмырлау)	2 сағаттан әр дөңгелекке
СҚ-4	(2 жылдық мерзіммен.)	8 тәулік
СҚ-5	(4 жылдық мерзіммен)	10 тәулік
СҚ-6	(7-8- жылдық мерзімді)	20 тәулік

Жаңартылған локомотивтерге сервистік қызмет көрсету жүйесі

Локомотив бригадаларының жаңартылған тепловоздарға қызмет көрсетуі **Күнделікті тексеруде** (тепловозды жүрер алдында әр қабылдауда және аралық станциялардағы тұруда) жүзеге асады,

Локомотивті тексеру (ОЛ (ЛТ), 36-48 сағаттық мерзімімен локомотивтерді тексеру мамандандырылған техникалық қызмет көрсету бекеттерінде (ТҚБ) жүзеге асырылады, мұнда тепловоз отынмен, құммен жабдықталады.

КҮНДЕЛІКТІ ТЕКСЕРУДІ локомотив бригадалары осы Ережелер, Электровоздар мен тепловоздарды пайдалануда техникалық қызмет көрсету жөніндегі қолданыстағы нұсқаулықтар талаптарына сәйкес тепловозды қабылдауда, жол жүруде және тапсыруда орындалады.

ЛОКОМОТИВТІ ТЕКСЕРУ (ЛТ) әдетте жабыны бар, қажетті жабдықтармен, құралдар және инструменттермен жарақтандырылған, қосалқы бөлшектердің, аспаптар мен материалдардың технологиялық қорымен осы Ережеде сипатталған жұмыстар тізіміне сәйкес қамтамасыз етілген техникалық қызмет көрсету бекеттерінде жоғары білікті слесарьлармен орындалады.

Тепловозды Сервистік қызмет көрсетуге қою.

Тепловозды Сервистік қызмет көрсетуге қою 27.05.09ж. №03/50 үш жақты Шарттың жағдайларына байланысты өткізіледі. Тепловозды жөндеу орнына қояр алдында келесі жұмыстар орындалуы тиіс:

- талдау өткізу үшін су мен май сынамалары алынады; тартымды электр машиналарын суытуға қажетті ауаның статикалық тегеурінінің шамасы өлшенеді;
- электр машиналары мен аппараттары 0,2-0,3 МПа (2-3 кгс/см²) қысымымен құрғақ сығылған ауамен үрленеді, коллектордың тексеру люктарын аша отырып, ТЭД барлығы үрленіп шығады;
- тепловозды жөндеу арнасына қою алдында сервистік қызмет көрсету үшін салқындату жүйелеріндегі су мен майдың температуралары 40-50°С –қа дейін төмендетіледі.

- Тепловозды 4 жылда және 7 - 8 жылда бір көрсетілетін сервис қызметіне қояр алдында бақтағы отын ағызылып алынады және құм бункері құмнан босатылады.

Локомотивтерді жоспарлы сервистік қызмет көрсетуден кейін шығару

Сервистік қызмет көрсетуден соң локомотивтерді шығару алдын да локомотивтердің техникалық паспорты (формуляр), негізгі бөлшектерді өлшеу картасы және берілген тепловозға қызмет көрсетуге қатысты басқа да құжаттар рәсімделеді. Сервис орталығының жөндеу цехының басшылары және ТББ шеберлері аталған құжаттардың дұрыс рәсімделуін, барлық орындаушылардың және шеберлердің ТШ-28 формасындағы жөндеу кітабында және ТШ-152 формасындағы техникалық ахуал журналында циклдік және қосымша жұмыстар үшін қол қоюларын қадағалайды.

Сервистік қызмет көрсету сапасын бақылау

Сервистік қызмет көрсету түрлері арасында Локомотивті тексеру бойынша орындалатын жұмыстар жауапкершілігі локомотивтерге техникалық қызмет көрсету бекеттері (ЛТҚБ) және тепловоз тіркелген пайдаланушы локомотивтік депо басшыларына жүктеледі. Локомотивті тексеру бойынша орындалатын жұмыстардың сапасын мерзімдік тексеруді Сервис орталықтарының басшылары атқарады.

2ТЭ10МК сериялы жаңартылған тепловоздарға Сервистік қызмет көрсету түрлері

СО (СҚ) -1 – арасы 1 ай болатын Сервистік қызмет көрсетулер Негізгі және Қосалқы Сервис орталықтарында немесе тараптармен жазбаша келісілген басқа да жөндеу базаларында өткізіледі және бөлшектер күйін тексеру, майлау картасына сәйкес тараптарды майлауды және жаңартылмаған бөліктерде - экипаж бөлігі, электр аппараттары, авто ілінісу және авто тежегіш жабдығы,

СО (СҚ) - 2 - арасы 3-4 ай мерзімін құрайтын Сервистік қызмет көрсетулер Негізгі және Қосалқы Сервис орталықтарында немесе тараптармен жазбаша келісілген басқа да жөндеу базаларында өткізіледі және бөлшектер күйін тексеруді, майлау картасына сәйкес тораптарды майлауды және жаңартылмаған бөліктерде - экипаж бөлігі, электр аппараттары, авто ілінісу және авто тежегіш жабдығында,

СО (СҚ) - 2 ЖЫЛ – 12 айда (бір жыл) бір көрсетілетін Сервистік қызмет Негізгі және Қосалқы Сервис орталықтарында немесе тараптармен жазбаша келісілген басқа да жөндеу базаларында өткізіледі.

СО (СҚ) - 2 ЖЫЛ жүзеге асыруда СО (СҚ) қарастырылған жұмыстардан басқа қосымша қауіпсіздік құралдары бойынша регламенттелген жұмыстар орындалады. Атап айтсақ:

- А және Б секциялары тежегіш цилиндрлерінің ревизиясы;
- А және Б секциялары СА-3 автоілінісу құрылғыларын ауыстыру;
- жөндеуден өткен А және Б секцияларының жұтқыш аппараттарын ауыстыру,
- А және Б секциялары ауа бөлгіштің магистральды бөлігін ауыстыру;
- А және Б секциялары 304 реле мен 418 датчигін ауыстыру.

СҚ-3 – тепловоз астынан дөңгелетіп шығармай дөңгелек жұптарын жұмырлауға арналған. СҚ-1, СҚ-2 және СҚ-2 Жыл СҚ-3-пен қатар қолданыла алады.

СК-4 - 2 жыл мерзімімен көрсетілетін Сервистік қызмет тараптармен жазбаша келісілген Негізгі Сервис орталықтарында өткізіледі. 2 жылда бір көрсетілетін осы Сервисте жаңартылмаған бөліктер – дөңгелектерді шығара отырып, экипаж бөлігі, тепловозды ағыту және стендтерде сынаумен электр аппараттары, авто ілінісу және авто тежегіш жабдығында. «Дженерал Электрик» компаниясы нұсқаулықтары сәйкес ДГҚ реостатты сынақ өткізіледі.

СҚ-5 - 4 жылда бір рет көрсетілетін Сервистік қызмет Тараптармен жазбаша келісілген Негізгі Сервис орталықтарында өткізіледі және жаңартылмаған бөліктер мен жаңартылған бөліктер бойынша СҚ- 4 пен қарастырылған барлық жұмыстарды қамтиды.

СК-6 - 7-8 жыл мерзімімен өткізілетін Сервистік қызмет Тараптармен жазбаша келісілген Негізгі Сервис орталықтарында өткізіледі және жаңартылмаған бөліктер торабын – дөңгелектерді шығарумен экипажды бөлікте, тепловозды ағыту және стендтерде сынаумен электр аппараттары, авто ілінісу және авто тежегіш жабдығында